



БҰЙРЫҚ


2015 ж. 7 сәуір № 261

Астана қаласы

ПРИКАЗ

город Астана

«Бақылау-кассалық машиналардың мемлекеттік тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № 635 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы



«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 651-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Бақылау-кассалық машиналардың мемлекеттік тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № 635 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5453 болып тіркелген, 2009 жылғы 20 наурызда № 42 (1639) «Юридическая газета» газетінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген 1-қосымша:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 151, 152, 153, 154, 155-жолдармен толықтырылсын:

«151. ПОРТ FPG-60 ФКZ

152. ПОРТ FPG-300 ФКZ

153. ПОРТ MP-55B ФКZ ОФД нұсқасы

154. ПОРТ DPG-25 ФКZ

155. ПОРТ FPG-1000 ФКZ».

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны он күнтізбелік күн ішінде мерзімдік баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі**



A handwritten signature in black ink, appearing to be 'B. Sultanov', written over the seal.

Б. Сұлтанов

A handwritten signature in black ink, appearing to be 'B. Sultanov', located at the bottom right of the page.